

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.07.2021 ж.

№23

Алматы қаласы

город Алматы

**Коронавирустық инфекциясының
таралуының алдын алу жөніндегі
шаралар туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - COVID-19) дельта (Үнді штаммы) нұсқасының таралуына байланысты сырқаттанушылықтың өсуіне байланысты COVID-19 таралуының алдын алу мақсатында "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 104-бабының 2, 3, 5, 7-тармақтарына (31.03.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), "Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес "Ashyq" жобасының қатысушылары болып табылмайтын/болып табылатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемдері бекітілсін.

2. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, Алматы қаласы бойынша "Атамекен" ӨКП (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекеме, ұйым және кәсіпорын басшылары қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес "Ashyq" жобасының қатысушылары болып табылмайтын/болып табылатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын;

2) кәсіпкерлік объектілерінде қатысушыларды кеңейте отырып, "Ashyq" жобасын іске асыруды жалғастыруды, "Ashyq" жобасына сауда-ойын-сауық орталықтарын, сауда үйлерін, азық-түлік емес базарларды, дәріханаларды, ПТР зертханаларын және басқа да шағын орта бизнес объектілерін қосуды;

3) әкімдіктердің сайтында "Ashyq" жобасына қатысушылар туралы, оның ішінде ерікті қатысушылар туралы ақпаратты орналастыруды;

4) мониторингтік топтардың әлеуметтік-экономикалық объектілерге, оның ішінде "Ashyq" жобасына қатысушыларға бақылауды күшейтуді;

5) жосықсыз қатысушыларды (кәсіпкерлік субъектілерін) "Ashyq" жобасынан шығаруды;

6) коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау қажеттілігі туралы және жобаға қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін AppStore және PlayMarket "Ashyq" мобильді қосымшасын жүктеу үшін халықпен белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді;

7) қоғамдық орындар мен объектілерге бару кезінде, қоғамдық көлікте жол жүру кезінде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдану кезін қоспағанда) халықтың бетперде кию, әлеуметтік қашықтық сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтауды;

8) жеке және 15 адамнан аспайтын ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік, ұлттық табиғи парктер, қорықтар, резерваттар және басқалар) бетперде режимін және 1,5 метрден кем емес қашықтықты сақтаған кезде рұқсат беруді;

9) төтенше жағдайларды қоспағанда, қатысушыларда COVID-19-ға қарсы құжатпен расталған вакцинация болған жағдайда және соңғы 6 айда ауырып жазылған адамдар болған жағдайда күндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге рұқсат беруді;

10) "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы" РМҚК қызметіне Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 32 қаулысына сәйкес

COVID-19-ға қарсы қызметкерлердің вакцинациялау шартымен рұқсат беруді;

11) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 32 қаулысына сәйкес COVID-19-ға қарсы қызметкерлердің вакцинациялау шартымен рұқсат беруді;

12) қоғамдық көлікті, таксиді, метроны, әуежайларды, т/ж және авто - вокзалдарды, аулалық балалар және спорт алаңдарын, азық - түлік және азық-түлік емес базарларды және басқа да қоғамдық орындарда маскалық режимді сақтауды, профилактикалық дезинфекциялық өңдеуді қамтамасыз етуді;

13) коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі аулалық және кварталаралық балалар ойын және спорт алаңдарын, кіреберістер мен лифтілерді, соңғы аялдамаға әрбір кіреберісте қоғамдық көлікті күнделікті дезинфекциялауды;

14) ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ РМК филиалы мутацияланған штаммдарды анықтау үшін COVID-19-ға оң нәтижелерді "МРК" зертханасына жеткізуді;

15) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №19 "Үндістаннан Қазақстан Республикасына коронавирустық инфекцияның әкелінуінің алдын алу жөніндегі шараларды күшейту туралы" және 2021 жылғы 16 мамырдағы №21 "Мальдив аралдарынан Қазақстан Республикасына коронавирустық инфекцияның әкелінуінің алдын алу жөніндегі шараларды күшейту туралы" қаулыларын орындауды;

16) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 06 мамырдағы № 20, 2021 жылғы 01 шілдедегі № 30, 2021 жылғы 01 шілдедегі №31, 2021 жылғы 14 шілдедегі № 32 қаулыларымен енгізілген Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 және № 68 қаулыларына өзгерістер мен толықтыруларды орындау және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 22 мамырдағы № 22 және 2021 жылғы 11 маусымдағы №28 қаулылардың орындалуын;

17) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысымен енгізілген Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды орындауды.


3. Алматы қаласының аудан әкімдіктері, қоғамдық даму басқармасы, кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, қоғамдық денсаулық басқармасы 14 күндік карантиндегі COVID-19 науқастарына және олармен байланыста болған адамдарға дәрі-дәрмектерді, азық-түлік өнімдері мен күнделікті қажетті тауарларды жеткізуді ұйымдастырсын.

4. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 26.06.2021 жылғы № 19, 03.07.2021 жылғы № 20 және 13.07.2021 жылғы № 21 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы 2021 жылғы 26 шілдеден бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласы Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 23 шілдедегі
№ 23 қаулысына 1-қосымша

**" Ashuq " жобасының қатысушысы болып табылатын/болып табылмайтын
әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемдері**

№	«Ashuq» жобасының қатысушылары емес	«Ashuq» жобасының қатысушылары		
	Объектілер/салалар	Қызыл аймақта шектеу критерий лері	Объектілер/салалар	Қызыл аймақта шектеу критерий лері
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру ұсынылады)	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ	
2.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ателвесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ	

	қызметтер және т. б.).			
3.	Мейрамхана, кафе және кофеханалар типтес қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайдағы)	демалыс және мереке күндері тыйым салынады (жеткізуге рұқсат етіледі), жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 50 орыннан артық емес (жеткізуге рұқсат етіледі)	Мейрамхана, кафе және кофеханалар типтес қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайдағы)	демалыс және мереке күндері тыйым салынады (жеткізуге рұқсат етіледі), жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 50 орыннан артық емес (жеткізуге рұқсат етіледі)
4.	Жазғы аландар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 50 орыннан артық емес	Жазғы аландар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 50 орыннан артық емес
5.	Фуд-корттар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, (жеткізуге рұқсат етіледі), жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін 20% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 30 орыннан артық емес (жеткізуге рұқсат етіледі)	Фуд-корттар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, (жеткізуге рұқсат етіледі), жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 20% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 30 орыннан артық емес (жеткізуге рұқсат етіледі)
6.	Асхана типтес қоғамдық тамақтану объектілері	демалыс және мереке күндері тыйым салынады (жеткізуге рұқсат етіледі), жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 50 орыннан артық емес (жеткізуге рұқсат етіледі)	Асхана типтес қоғамдық тамақтану объектілері	демалыс және мереке күндері тыйым салынады (жеткізуге рұқсат етіледі), жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бірақ 50 орыннан артық емес (жеткізуге рұқсат етіледі)
7.	Стрит-фудтар орны жок жеке тұрған шатыр/ларек/дүңгіршек)	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жок	
8.	Банкеттік залдар	Тыйым салынады	Банкеттік залдар (ас беру)	демалыс және мереке күндері тыйым

			Банкеттік залдар (ресторан және кафе типтегі қызмет көрсету)	салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 30% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат, бір адамға кемінде 4 ш. м. қамтамасыз ету, бірақ 30 адамнан артық емес
				демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 30% - ға толғанда дейін жұмыс істеуге рұқсат, бірақ ұжымдық іс-шаралар өткізусіз және 50 орыннан артық емес
9.	Моншалар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	Жобада жоқ	
10.	Сауналар, СПА-орталықтар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін		демалыс және мереке күндері, тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін
11.	Үй-жайлардағы және жабық бассейндер, аквапарктер	Тыйым салынады		Тыйым салынады
12.	Ашық бассейндер, аквапарктер	Тыйым салынады		демалыс және мереке күндері, тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін
13.	Қалалық жатажайлар	Тыйым салынады	Қалалық жатажайлар	7.00-ден 20.00-ге дейін, периметр бойынша қоршау, әлеуметтік қашықтықты сақтау бойынша көрнекті акпаратты орналастыру және «Ashuq» жобасы режимінде рұқсат ету
14.	Спорт объектілері (спорт кешендері, спорт мектептері, жаттығу залдары, Спорттық-	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	Спорт объектілері (спорт кешендері, спорт мектептері, жаттығу	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін

	сауықтыру орталықтары, фитнес-орталықтар, фитнес-клубтар, йога-орталықтар)		залдары, Спорттық сауықтыру орталықтары, фитнес-орталықтар, фитнес-клубтар, йога-орталықтар)	
15.	Мәдениет нысандары (репетиция)	Тыйым салынады	Мәдениет нысандары (репетиция)	30 адамға дейін
16.	Театрлар, кинотеатрлар, Концерт залдары, филармониялар	Тыйым салынады	Театрлар, кинотеатрлар, филармониялар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері толтырылуы 30% дан көп емес, жұмыс уақытын 20.00 ге дейін шектеумен
			концерт залдар	ашық ауада шектеусіз, үй-жайларда тыйым салынады
17.	Қағаралық, қалалық тұрақты және тұрақты емес (туристік) автобус және шағын автобус тасымалдары	Тыйым салынады	Облысаралық, қалалық тұрақты және тұрақты емес (туристік) автобус және шағын автобус тасымалдары	штаттық режимде
18.	Қалалық тұрақты емес(туристік) тасымалдар	Тыйым салынады	Қалалық тұрақты емес(туристік) тасымалдар	Тыйым салынады
19.	Бильярд	Тыйым салынады	Бильярд	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 30% - ға толғанда дейін
20.	Компьютер клубтары	Тыйым салынады	Компьютер клубтары, PlayStation клубтарын қосқанда	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 12.00-ден 20.00-ге дейін 30% - ға толғанда дейін жұмысқа рұқсат. 12 толған және одан асқан тұлғалар кіруге рұқсат
21.	Боулинг		Боулинг	демалыс және мереке күндері тыйым

	Тыйым салынады		салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 30% - ға толғанға дейін рұқсат
22. Цирк	Тыйым салынады	Цирк	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері 30% - ға толғанда дейін рұқсат
23. Караоке	Тыйым салынады	Караоке	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін 50% - ға толғанда дейін рұқсат, бірақ 30 адамнан артық емес
24. Көрмелер	Тыйым салынады	Көрмелер	топтырылу 50% - дан артық емес, бір адамға кемінде 6 ш. м., бірақ бір уақытта 100 келушіден артық еместігін қамтамасыз ету кезінде
25. Спорттық іс-шаралар өткізу	Тыйым салынады	Марафондар (таза ауада)	30 адамнан артық емес
		Ашық үй-жайлардағы спорттық іс-шаралар	көрсермендермен, топтырылуы 20% - дан артық емес
		Жабық үй-жайлардағы, стадиондардағы спорттық іс-шаралар	көрсермендерсіз
26. Потерялық клубтар және лоторея сататын басқа да орындар	Тыйым салынады	Потерялық клубтар және лоторея сататын басқа да орындар	онлайн-режим
27. Балалар ойын-сауық орталықтары (ойын аландары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	Тыйым салынады	Балалар ойын-сауық орталықтары (жабық), ауданы 1000 ш. м дейін.	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері бір адамға кемінде 10 ш. м., аланмен, бірақ 30 адамнан аспайтын жағдайды қамтамасыз ету кезінде, жұмыс уақыты бойынша 18.00-ге дейін шектеумен
		Балалар ойын-сауық	демалыс және мереке күндері тыйым

		ортаалықтары (жабық), ауданы 1000 ш. м. асатын	салынады, жұмыс күндері бір адамға кемінде 10 ш. м., алаңмен, бірақ 60 адамнан аспайтын жағдайды қамтамасыз ету кезінде, 15.00-ге дейін жұмыс уақыты бойынша шектеумен
28.	ХҚКО, банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері штаттық режимде, алдын ала жазылу бойынша	ХҚКО, банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері штаттық режимде, алдын ала жазылу бойынша
29.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері / базалары, туристік базалар және т. б.)	толтырылуы 80% дан артық емес	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері / базалары, туристік базалар және т. б.)
30.	Ұйымдар, кенселер, оның ішінде банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	80% - қашықтағы форматта, вакциналанған және соңғы 3 айда ауырған қызметкерлерден басқа	Ерікті қатысушылар (банктер және басқалар)
31.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ

	азық-түлік емес)	тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	түлік емес)	тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін
42.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін
43.	Азық-түлік сатпайтын жабық базарлар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	Азық-түлік сатпайтын жабық базарлар	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін
44.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматологиялар	алдын ала жазылту бойынша	Жобада жоқ	
45.	Қоғамдық көлік	карбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, толымдылығы отыратын орындар саны бойынша	Жобада жоқ	
46.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде	Жобада жоқ	
47.	Діни объектілер	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері жабық үй-жайларда ұжымдық іс-шаралар өткізугіз	Жобада жоқ	
48.	Қала жолдаушылар пойыздарының (электр маньиндағы поездарының)	Желдетудің жұмыс істеуімен, жолаушылардың 50%-ға дейін толғуы, маска режимін қатаң	Жобада жоқ	

32.	Гүл дүкендері, фотосалондар	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ	
33.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ	
34.	Мұражайлар, кітапханалар	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ	
35.	Балалар түзету кабинеттері, (оның ішінде моториканы дамытатын), балалар және ересектерге арналған білім беру орталықтары	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері топтың толығырдылуы 15 адамнан артық емес кезде, алдын ала жазылу бойынша	Жобада жоқ	
36.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін маникюр мен педикюр қызметтері (жазба бойынша)	алдын ала жазылу бойынша	Жобада жоқ	
37.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер, зоодүкендері	Штаттық режимде рұқсат етіледі	Жобада жоқ	
38.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	Тыйым салынады	Штаттық режимде рұқсат етіледі	
39.	Азық-түлік емес дүкендер(жеке тұрған) ауданы 1000 ш. м. ден асатын	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	Азық-түлік емес дүкендер(жеке тұрған) ауданы 1000 ш. м. ден асатын	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін
40.	Азық-түлік емес дүкендер(жеке тұрған) ауданы 1000 ш. м. дейін	жұмыс уақыты сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін	Азық-түлік емес дүкендер(жеке тұрған) ауданы 1000 ш. м. дейін	жұмыс уақыты сағат 7.00-ден 22.00-ге дейін
41.	Ашық базарлар (азық-түлік,	демалыс және мереке күндері	Ашық базарлар (азық-түлік,	демалыс және мереке күндері

	қозғалысы	сақталуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен салонды өңдеу	
49.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз	Жобада жоқ
50.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	Тыйым салынады	Тыйым салынады
51.	СОСО, сауда үйлері, сауда желілері	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	СОСО, сауда үйлері, сауда желілері
52.	Ашық ауадағы аттракциондар	Тыйым салынады	Ашық ауадағы аттракциондар
53.	Балаларды сауықтыру ұйымдары	толымдылығы 30%-дан артық емес	Жобада жоқ
54.	Түнгі және ойын клубтары	Тыйым салынады	Жобада жоқ
55.	Бұқаралық іс-шаралар (ойын-сауық, спорттық, діни шаралар, отбасылық (банкеттер, үйлену той, мерей той, естелік іс-шаралар * және т.б үй-жайында өткізілетін), конференциялар, митингтер, шерулер, жиындар, форумдар және басқа.	Тыйым салынады	* «Ashuq» жобасының қатысушылары– банкет залдарында өткізілетін жерлеу рәсімдерін қоспағанда

56.	Саябақтар, жаяу жүру демалыс аймақтары(Арбат Панфилов және Жібек жолы көшелері)	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін, оның ішінде қоғамдық тамақтандыру және сауда орындары	Жобада жоқ
57.	Зообак	демалыс және мереке күндері тыйым салынады, жұмыс күндері сағат 7.00-ден 17.00-ге дейін	Жобада жоқ